

международных экономических и финансовых институтов и глобализирующихся рынков [9]. НАТО все еще воспринимается как самый важный гарант европейской безопасности. В большинстве стран Европы НАТО рассматривается как всемирный, самый эффективный военный и политический союз.

1. Татьяна Глебовна Пархалина – директор Центра европейской безопасности. (Печатная версия МИР ПЕРЕ-МЕН. – №3. 2005. С. 73-80.) <http://www.europeansecurity.ru/publ/2006.asp>

2. Морозов П. История ЕС. – С. 1-87. http://www.portalus.ru/modules/politics/rus_readme.php?subaction=showcomments&id=1142038015&archive=&start_from=&ucat=2&category=2

3. Алексеев А.Н. Совет Североатлантического сотрудничества и будущее Европы.

4. Blackwill R. The US, Europe and the new security threats. N.Y.: Council on Foreign Relations, 1998. – 28 p.

5. Lutwak E. Why we need an incoherent foreign policy // Washington Quarterly, Summer 1999. – Vol. 21. – №111. – P. 21-31.

6. Нарочицкая Н. Европа «старая» и Европа «новая» // Международная жизнь. – 2003. – №4. – С. 45-63.

7. Бжезинский З. Великая шахматная доска. Превосходство Америки и его геостратегические императивы. – М.: Международные отношения. 1998. – 256 с.

8. Куглер Р. Подготовка НАТО к отражению новых угроз // Внешняя политика США. Электронный журнал госдепартамента США. – Март. – 2002. – С. 31-34.

9. Денис Мельянцев. Отношения ЕС и НАТО в 1990 – 2000-е годы.

In this article author analyzes that the creation of NATO and European security policy is cooperation or competition. And come to conclusion that NATO is still perceived as the most important guarantor of European security.

Мақаланың авторы бүгінгі таңдағы жалпы күллі әлемді дүрліктіріп отырған жаһандық қауіпсіздік мәселесіне тоқталып отыр. Мақаланы қорыта келе автор қазіргі таңда әлемдік аренада ынтымақтастықты арттырып, қауіпсіздік мәселесінің бірден-бір жолын табатын ұйым ол – НАТО.

Ж. Қ. Идрышева, Ж. Бекетан

ҚЫТАЙ МЕН РЕСЕЙ АРАСЫНДАҒЫ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Энергетика геосаясаттың бір санаты болып табылады және бүгінгі таңда энергетикалық ресурстар мемлекет экономикасының алдыңғы қатарын иеленеді. Әрбір мемлекеттің өндірістік күштерінің даму деңгейі белгілі бір дәрежеде энергетикалық ресурстарды тұтыну көлемімен анықталады. Әлемдегі маңызды кендердің 70%-дан астамы энергия көздеріне жататындығы энергетикалық ресурстардың маңызды рөлге ие екендігін көрсетеді.

XXI ғасырдың басында әлемдік энергетика құрылымында оң өзгерістер белең алды. Энергетикалық ынтымақтастықты екіжақты және көпжақты бағытта дамыту әлемдік экономикалық державалардың саясатының бөлінбес бөлігіне айналды. Қазіргі таңда көптеген жобалар құрылып, келіссөздер қабылдануда, сонымен қатар әлем елдері арасында қуат көздерінің кең көлемдегі сауда айналымы жүзеге асырылып жатыр.

Ғаламдық дәрежедегі мәселелерді зерттеу жұмыстарында «энергетикалық қауіпсіздік», «энергетикалық тұрақтылық» және «энергетикалық әлем үлгісі» сынды терминдер көптеп кездеседі. Бұл терминдер елдегі энергетикалық

ресурстардың жетіспеушілігін жою, сонымен қатар энергетикалық қуат көздеріне қол жетпеушілік немесе сапасыз шикізат көздерін тұтыну қаупін білдіреді.

Ресейлік В.И. Анненков, Н.М. Лахтовский секілді зерттеушілер энергетикалық қауіпсіздік деп елдің, қоғам мен мемлекеттің, экономиканың энергетикалық қуат көздерінің жетіспеу қаупінен қорғану жағдайын айтады [1].

Қазіргі таңда экономикасы жылдам қарқынмен дамып жатқан және әлемдегі ең кең көлемді нарығы бар Қытай әлемдік энергетикалық саясаттың маңызды ойыншысына айналууда. Энергетикалық ресурстарды тұтынудың жоғары динамикасы Қытай Халық Республикасы (ҚХР) басшылығын энергетикалық қауіпсіздікті сақтау мен елдің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін энергетикалық стратегияны толығымен қалыптастыруға мәжбүрлеп отыр. XX ғасырдың соңғы ширегі мен XXI ғасырдың басында Қытай экономикасы бірнеше есеге өсті. Экономикалық әлеуеті бойынша Қытай Халық Республикасы (ҚХР) жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) ең ірі деген 5 мемлекеттің қатарына кіріп, екінші орынды

иеленеді. Сыртқы және шекара саудасында қол жеткізген жетістіктердің нәтижесінде Қытай әлемдік нарықтың негізгі акторына айналды.

1993 жыл Қытай үшін энергетикалық саясат тұрғысынан қарағанда өтпелі кезең болды. Дәл осы жылы Қытай мұнайды нетто-экспорттаушы мемлекеттен нетто-импорттаушы елге айналды [2]. Елде мұнайды тұтыну соңғы 40 жылда 25 есеге өсіп, әлемдік қордың 8,55%-ын құрап отыр [3]. 2003 жылы Қытай мұнайға деген сұраныстың 18%-ын қамтамасыз етіп, АҚШ-тан кейінгі екінші энергия тұтынушы мемлекет болды. 2003 жылы Қытайдың мұнайға деген сұранысы күніне 6 млн баррельден астамды құраса, 2006 жылы бұл көрсеткіш 7 миллионға жетті. 2007 жылы мұнайға деген сұраныс көрсеткіші 5,2%-ға өсті [4].

Қытайдың өзіндік ресурстары жеткіліксіз. 1998 жылы ҚХР-дың мұнайға деген тәуелділігі 23%, 2003 жылы 37% болды, ал қазіргі таңда мұнайға деген сұранысының жартысынан астамын импорт есебінен қанағаттандырып отыр [5]. 2006 жылы Қытай 138,84 млн тонна мұнай импорттады, ол 2005 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда, 16,9%-ға көп [6]. ХЭА-ның ұзақ мерзімді болжамдарына сәйкес, ҚХР 2030 жылы күніне 13,3 млн баррель мұнай тұтынып, оның 10 миллионын импорттауға мәжбүр болады. Осылайша, мұнайға деген тәуелділік 74%-ға өседі [7].

Қазіргі таңда ҚХР-дың энергетикалық балансындағы басымды элемент көмір болып табылады. Болжам бойынша, оның үлесі азаяды, ал мұнай мен газдың үлесі өседі, дегенмен ол өзінің көшбасшылық қалпынан айырылмайды. Қытай әлемдегі ең ірі мұнай өндіруші мемлекет болғандықтан, Қытай үшін энергетикалық қауіпсіздік – бұл, біріншіден, мұнай қауіпсіздігі. Мұнайды сенімді әрі қауіпсіз тасымалдау – мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздігінің сөзсіз талабы. Өз кезегінде бұл бүкіл елдің жалпы қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Бұл жағдайды жүзеге асырудың бір шарасы ретінде ҚХР мұнайдың стратегиялық қорының мемлекеттік базасының құрылысын бастады. 2007 жылдың 29 қаңтарында Чжэнцзян провинциясындағы Нинбо қаласында алғашқы базаның құрылысы басталды. Сарапшылардың айтуынша, мұнайдың стратегиялық қорлар режимін жақын арада құру елді мұнаймен қамтамасыз етудің қажетті шарасы болып табылады [8].

Қазіргі таңда қытайлық мұнай импортының жартысынан астамы Таяу Шығысқа тиесілі: Сауд Арабиясы, Оман және Иран. Судан, Ангола және Венесуэла да мұнайдың едәуір үлкен бөлігін жеткізеді. Болжам бойынша, мұндай тәуелділік

2020 80%-ға дейін өсуі мүмкін. Импорттың қайнар көздерін диверсификациялау үшін Қытайдың ұлттық мұнай компаниялары Ресей, Орталық Азия, Индонезия, Африка және Латын Америкасынан кен орындарын іздестіру және өңдеу ісіне инвестиция құюда [9]. Қытайдың көптеген сарапшылары Ресей ең перспективті серіктес бола алады деп есептейді. Негіз ретінде екі аргументті келтіреді:

- Қытай мен Ресей мүдделерінің бірін-бірі толықтыруы. Ресей өзінің Қиыр Шығысын дамытуы тиіс. Ресейдің 2020 жылға дейінгі энергетикалық стратегиясының авторларының ойынша, Ресей Қиыр Шығыстағы энергетикасына көп көңіл бөлуі керек. Өз кезегінде Қытайға мұнайдың ең көп бөлігі әлемнің ең тұрақсыз аймағынан келіп түсетіндіктен, ҚХР мұнай тасымалын диверсификациялау керек.

- Қытай мен Ресей – бір-бірімен шекаралас жатқан мемлекеттер, алайда мұнай мен газдың арзан бағамен тасымалын қамтамасыз ете алатын энергетикалық ынтымақтастық қазіргі таңда толығымен жүзеге аспай отыр. Бүгінде Ресейден Қытайға жеткізілетін мұнай темір жол арқылы орындалуда [10].

1989 жылы ресей-қытай қатынасы тұрақтанғаннан кейін екі елдің әскери-стратегиялық және саяси салалардағы өзара әрекеттестігімен қатар, сауда-экономика саласындағы ынтымақтастық нығая түсті. 2007 жылғы көрсеткіш бойынша Ресей мен Қытай арасындағы сауда айналымы 48 млрд доллардан асып түсіп, нәтижесінде Ресей Қытайдың сыртқы сауда серіктестерінің ішінде жетінші орынға шықты [11]. Ресей Қытайдың негізгі экспорттерларының ішінде Ангола, Сауд Арабиясы, Иран, Оман мемлекеттерінен кейінгі бесінші орынды иеленіп, импорттық тауарлардың 8%-ын жеткізеді.

Энергетика саласындағы ынтымақтастық екі елдің сауда-экономикалық саласындағы маңызды элемент болып табылады. РФ Экономикалық даму және сауда министрі Г.О. Греф қытайлық «Жэньминь Жибао» газетіне берген сұхбатында Ресей тарапы Қытайға мұнай экспортының көлемін ұлғайту үшін Шығыс Сібір және Қиыр Шығыстағы мұнай ресурстарын тиімді игере отырып, мұнай экспорты арналарын кеңейтуі тиіс екендігін атап өтті [12].

Осы бағытта Қытаймен энергетикалық ынтымақтастық маңызды рөлге ие. Шығыс Сібір мен Қиыр Шығысты игеру – бұл аймақтың экономикасын көтерудің негізгі жолы. Бұл жағдайда инфрақұрылым кен орындарын игеруге түрткі бола отырып, өнеркәсіптік дамудың құралына айнала-

ды. Ресей үшін ҚХР-мен энергетика саласындағы ынтымақтастықты дамыту энергетикалық дипломатия орталығы күшінің орнын ауыстырудың маңызды нышаны және Ресей үшін «дағдарыстан кейінгі кезеңде» энергетикалық салада беделін арттыру үшін маңызды қадам болып табылады. Қазіргі таңда аймақтың экономикалық өсімі мен мемлекеттердің энергияны тұтынуының жылдам қарқынмен ұлғаю жағдайын есепке ала отырып, АТА Ресейдің энергетикалық дипломатиясының перспективасы зор бағытының бірі болып табылады.

Ресей Федерациясы үшін мұнай-газ ресурстары тек экономикалық және тауар құндылығы емес, сонымен қатар стратегиялық маңызға да ие. Олар халықаралық қауымдастықта өз беделін сақтаудың стратегиялық ресурстары ретінде қарастырылады. Қаржылық дағдарыс кезінде Ресейдің энергетикалық дипломатиясы әлсіреген жоқ, керісінше, дербес және белсенді дипломатияға айналды. Бұл Ресейдің қиын жағдайдан энергетикалық ресурстар және «энергетикалық экспорт диверсификациясы» бойынша стратегиялық жоспарлардың көмегі арқылы шығуымен түсіндіріледі. Қытай-Ресей энергетикалық ынтымақтастығының терең дамуы – бұл Ресейдің АТА бағыты бойынша энергетикалық экспортының маңызды тармағы. Соңғы жылдары Қытай шетел энергетикасын инвестициялауды күшейтуде. Қытай-Ресей мұнай құбырының ашылуы – Қытайдың энергетика саласына тиімді қаржы салуының нәтижесіндегі маңызды көрсеткіш. Бұл Қытайға энергетикалық тасымалдау бойынша тағы бір «стратегиялық дәлізді» қосады және энергетикалық экспорт диверсификациясын ынталандырып, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Бұл ҚХР-дың солтүстік-шығыс ауданының экономикалық өсуіне ықпалдасады. Қытай мен Ресей арасындағы энергетикалық ынтымақтастық Қиыр Шығыста біртіндеп инфрақұрылымдық инвестиция, бірлесіп игеру, технологияларды қолдану және басқа да салаларына таралуда. Ынтымақтастықтың тенденциясы мен болашағы көрсетіп отырғандай, Қытай мен Ресей үлкен энергетикалық тұтынушы және тасымалдаушы ретінде солтүстік-шығыс Азияда мұнай-газ саласындағы ынтымақтастықты алға ілгерілету бойынша маңызды күштерге айналып отыр. Сібір мен Қиыр Шығыста энергетикалық жобаларды бірлесе игеру жолымен тараптар экономика саласында «өзара толықтыру, өзара интеграция және өзара тіршілік ету» қатынасын құра алады. Өзара толықтыру – қытай-ресей энергетикалық ынтымақтастығы үшін «желім»,

ұзақ мерзімді мықты саяси ынтымақтастық – Қытай мен Ресейдің үдемелі энергетикалық ынтымақтастығының «қолшатыры», ал энергетикалық ынтымақтастық бойынша жүйелі түрдегі үкімет өкілдерінің кездесулері – Қытай мен Ресейдің энергетикалық ынтымақтастығының тұрақты түрде дамуының негізі. Екі елдің шексіз әлеуетті және үлкен ықпалға ие энергетикалық ынтымақтастығы Қытай мен Ресейдің түбегейлі мүдделеріне сәйкес келеді.

Бастапқы кезеңде энергетикалық ынтымақтастықты белсендіре түсуде негізгі рөлді ЮКОС ойнады. Дәл осы компания Ангарск – Дацин мұнай құбырының құрылысын басқарды. Бұл жобаның техника-экономикалық негіздерін дайындау жөніндегі бас келісімге екі елдің премьер-министрлерінің қатысуымен Санкт-Петербургте 2001 жылдың 8 қыркүйегінде қол қойылған болатын. Алайда басымды жоба ретінде Ангарск – Находка мұнай құбыры аталды. Мұнай құбырын тек өзіне ғана бағыттауға талпынған Қытайдың бұл әрекеті сәтсіз аяқталды [13]. Бұл жерде ЮКОС басшыларына қарсы қозғалған қылмыстық іс пен Жапонияның аталмыш мұнай құбырының Тынық мұхиты жағалауына дейінгі құрылысын қаржыландыруға дайын екендігі жөніндегі мәлімдемесі себеп болды.

Мұнай құбырының құрылысы жөніндегі келіссөз Транснефть мұнай құбырының Тайшет (Иркутск облысы) – Перевозная айлағы (Приморье) бағытындағы жобасын ұсынғаннан кейін 2004 жылы аяқталды. Кейінірек экономикалық және экологиялық себептерге байланысты құбыр Козьмино айлағына (Приморье) дейін 50 км-ге ұзартылды.

2004 жылдың 31 желтоқсанында РФ үкіметінің төрағасы М.Е. Фрадков Шығыс Сібір – Тынық мұхиты (ШСТМ) мұнай құбырының жобасы және құрылысы жөніндегі қаулыға қол қойды. Бағдарлама 2005–2020 жылдарға есептелінген. 2005–2020 жылдарға арналған ШСТМ магистральді мұнай құбырының жобасын жүзеге асыру үшін диаметрі 1020 мм болатын 4386 км сызықтық бөлік пен көлемі 4250 мың м³ болатын резервуарлы парктың құрылысы қарастырылды. Жобаны толығымен аяқтау төрт кезеңнен құралды. Қорытынды кезеңдегі жоспарланып отырған мұнай тасымалының көлемі жылына 80 млн тоннаны құрады. Тынық мұхиты жағалауына дейін мұнай құбырын салу Ресейге АТА елдеріне мұнай жеткізуге мүмкіндік туғызады. Бұл жерде Қытайға айрықша мән беріледі: жоспарланған 80 млн тонна мұнайдың 30 млн тоннасы Қытайға жеткізілмек. Сковородинадан Дацинге

бағытталған мұнай құбырының құрылысы 2008 жылы аяқталады деп жоспарланған болатын. Транснефть пен Қытай ұлттық мұнай компаниясы (CNPC) арасындағы келісім сомасы 436 млн доллар болатын Сковородинодан Дацинге дейінгі мұнай құбыры құрылысын қытай тарапы қаржыландыратындығын қарастырды [14].

Жоспарланғандай, 2008 жылдың 2 сәуірінде мұнай құбырына мұнай келіп түсе бастады. 2009 жылы мамырда Қытай жеріндегі мұнай құбырының құрылысы басталды. 2009 жылы 28 ақпанда Ресей үкіметінің төрғасы Владимир Путин Шығыс Сібір – Тынық мұхиты құбырының бірінші кезегін ресми түрде ашты және Козьмино портынан бірінші танкерді мұнаймен тиеді [15]. Ал 2010 жылдың ақпан айында мұнай құбырының екінші кезегінің құрылысы басталды [16]. 2009 жылы желтоқсанда екінші кезектің құрылысы (жалпы ұзындығы шамамен екі мың км.) 2012 жылы аяқталады деп жоспарлаған, алайда 2010 жылы наурызда ШСТМ-2 құрылысы 2013 жылдың аяғымен 2014 жылдың басында аяқталатындығы мәлімденді [17].

Екі ел арасындағы ынтымақтастықты жақсарту мәселесі бұрында да маңызды екендігі мойындалғанмен, мұнай құбырының құрылысын жүзеге асыру үрдісі өте баяу қарқынмен жүрді. Бұл бірнеше себептермен түсіндіріледі: Қытайға бағытталған құбыр құрылысы Ресейдің экспорттық мүмкіндіктерін шектеу қаупін тудырып, монополист-тұтынушы тараптың бағаға үстемдік етуіне әкеп соғуы мүмкін. Сонымен қатар Жапония мұнай құбыры тармағын Қытайға емес, барлығын Тынық мұхитына бағыттауды ашық түрде ұсынып отыр.

Тағы бір қайшылық Ресей темір жолдарына (РТЖ) байланысты. Қазіргі таңда Қытайға бағытталған ресейлік мұнай экспорты темір жол арқылы жүзеге асырылады. 2003 жылы Қытайға және Қиыр Шығыс порттарына 3,5 млн тонна, ал 2004 жылы 6,4 млн тонна мұнай тасымалданды.

2005-2008 жылдарға арналған Тату көршілік, достық және ынтымақтастық жөніндегі келісімді жүзеге асыру жоспарына сәйкес Ресей мен Қытай арасында 2004 жылы қазанда мұнай тасымалының көлемін 2005 жылы 10 млн тоннаға дейін, ал 2006 жылы 15 млн тоннаға жеткізу жөнінде уағдаласты. Алайда жоспар 2005 жылы да (тасымал көлемі 7,640 млн т), 2006 жылы да (шамамен 10,3 млн т). орындалмады. Ал ҚХР төрағасы Ху Цзиньтаоның 2007 жылдың 26-28 наурыз аралығында Мәскеуге жасаған ресми сапары барысында қол қойылуы тиіс келісімге сәйкес, Ресей Қытайға 1 млрд доллар сомаға мұнай шикізатын жеткізуі тиіс бол-

ды. Алайда сапар барысында аталмыш келісім қабылбанады [18].

Келесі бір мәселе – ресейлік компаниялар жеткізуі тиіс мұнай көлемінің азая түсуі: негізі CNPC-тен алған 6 млрд доллар несиенің өтемі ретінде 2010 жылға дейін жылына 48 млн тонна мұнай жеткізу үшін міндеттеме алған Роснефть қана мұнай тасымалын жүзеге асыруда [19]. Ресей 2007 жылы қарашада тасымал көлемін азайтуды қарастырған болатын, ал қазіргі таңда ол бірнеше есеге азая түскен [20].

РТЖ мұнайды темір жол цистерналары арқылы тасымалдау идеясын белсенді түрде алға тартуда. Бұл идея Қытайда да қолдауға ие болды. Мәселен, 2006 жылы 14 қазанда энергетика саласындағы ынтымақтастық бойынша ресей-қытай шағын комиссиясының отырысында қытай тарапы ресейлік мұнай экспорты көлемін жылына 40–45 млн тоннаға дейін ұлғайту мәселесін қарастыруды ұсынды. ШСТМ мұнай құбырының Қытайға бағытталған тармағының максималды түрдегі есептік қуаты жылына 30 млн т және Транснефть бұл көрсеткішті ұлғайтуға ниет танытпады. Сондықтан тағы жылына 10–15 млн т мұнай тасымалдау жөнінде сөз қозғауға болады, алайда бұл енді теміржол арқылы жүзеге аспақ [19]. Дегенмен де Қытай үшін басымды бағыт мұнай құбыры болып қала бермек.

Қазіргі таңда аймақтың экономикалық өсімі мен мемлекеттердің энергияны тұтынуының жылдам қарқынмен ұлғаю жағдайын есепке ала отырып, АТА Ресейдің энергетикалық дипломатиясының перспективасы зор бағытының бірі болып табылады.

Ресей Федерациясы үшін мұнай-газ ресурстары тек экономикалық және тауар құндылығы емес, сонымен қатар стратегиялық маңызға да ие. Олар халықаралық қауымдастықта өз даусын сақтаудың стратегиялық ресурстары ретінде қарастырылады. Қаржылық дағдарыс кезінде Ресейдің энергетикалық дипломатиясы әлсіреген жоқ, керісінше, дербес және белсенді дипломатияға айналды. Бұл Ресейдің қиын жағдайдан энергетикалық ресурстар және «энергетикалық экспорт диверсификациясы» бойынша стратегиялық жоспарлардың көмегі арқылы шығуымен түсіндіріледі. Қытай-Ресей энергетикалық ынтымақтастығының терең дамуы – бұл Ресейдің АТА бағыты бойынша энергетикалық экспортының маңызды тармағы. Соңғы жылдары Қытай шетел энергетикасын инвестициялауды күшейтуде. Қытай-Ресей мұнай құбырының ашылуы – Қытайдың энергетика саласына тиімді қаржы салуының

нәтижесіндегі маңызды көрсеткіш. Бұл Қытайға энергетикалық тасымалдау бойынша тағы бір «стратегиялық дәлізді» қосады және энергетикалық экспорт диверсификациясын ынталандырып, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Бұл ҚХР-дың солтүстік-шығыс ауданының экономикалық өсуіне ықпалдасады. Қытай мен Ресей арасындағы энергетикалық ынтымақтастық Қиыр Шығыста біртіндеп инфрақұрылымдық инвестиция, бірлесіп игеру, технологияларды қолдану және басқа да салаларына таралуда. Ынтымақтастықтың тенденциясы мен болашағы көрсетіп отырғандай, Қытай мен Ресей үлкен энергетикалық тұтынушы және тасымалдаушы ретінде Солтүстік-Шығыс Азияда мұнай-газ саласындағы ынтымақтастықты алға ілгерілету бойынша маңызды күштерге айналады. Сібір мен Қиыр Шығыста энергетикалық жобаларды бірлесе игеру жолымен тараптар экономика саласында «өзара толықтыру, өзара интеграция және өзара тіршілік ету» қатынасын құра алады. Өзара толықтыру – Қытай мен Ресей энергетикалық ынтымақтастығы үшін «желім», ұзақ мерзімді мықты саяси ынтымақтастық – Қытай мен Ресейдің үдемелі энергетикалық ынтымақтастығының «қолшатыры», ал энергетикалық ынтымақтастық бойынша жүйелі түрдегі үкімет өкілдерінің кездесулері – Қытай мен Ресейдің энергетикалық ынтымақтастығының тұрақты түрде дамуының негізі. Екі елдің шексіз әлеуетті және үлкен ықпалға ие энергетикалық ынтымақтастығы Қытай мен Ресейдің түбегейлі мүдделеріне сәйкес келеді.

Болжам бойынша Қытайда мұнай мен газды тұтыну өсетіндіктен және Ресей қытайлық нарықтың үлкен үлесіне ие болатындықтан, мұнай-газ саласындағы Ресей мен Қытайдың қатынасы маңызды әлеуетке ие. ШСТМ жобасын жүзеге асыру Ресей үшін АТА-ның перспективті нарығына шығу есебінен нарықтың өтімділігін диверсификациялауға мүмкіндік туғызады. Айта кететін жайт, Қытай ресейлік мұнайды импорттаушы жалғыз мемлекет емес. Сонымен қоса мұнай құбырының Қытайға бағытталған тармағының құрылысына байланысты жағдай әлі де толығымен анықталмады. Тармақтың құрылысы Ресей басшылығының көзірлі картасы болып отыр. Егер Қытайға ресейлік мұнай қажет болса, онда бұл қажеттілікті кең көлемді мәселелерде қытай тарапынан бірқатар жеңілдіктерге ие болу үшін қолдануға болады. Құбырмен мұнай тасымалдаудан бөлек Ресей мұнайды теміржол және Орталық Азияда салынған мұнай құбыры арқылы тасымалдай алады. Алайда Роснефть

CNPC-ке алынған несие орнына нарықтық бағадан әлдеқайда арзан бағамен мұнай жеткізіп отырған жағдайда ынтымақтастықтың тежелу және Ресей үшін пайдалы үлгілерді табуда бірқатар кедергілерге ұшырау қаупі бар. Талаптарды қайта тұжырымдау Ресейдің шығыстағы көршісін, әрине, қуантпайды. Қазіргі таңда Ресей мен Қытай арасындағы бақталастықтың өсуі жөнінде айтуға айғақ болатын бірқатар тенденциялар орын алып отырғандығын айта кету керек. ШСТМ құрылысының жобасын стратегиялық антиқытайлық жоба ретінде қарастыруға да болады: Ресей болашақтағы Сібір және Қиыр Шығыс территорияларына қатысты Қытай тарапының жасырын ниетінен қауіптеніп отырып, аймақтық энергетикалық инфрақұрылымына құйылатын кең көлемдегі инвестицияның нәтижесінде жүзеге асуы тиіс экономикалық дамуын нығайтуды көздейді. Осы тұрғыдан Ресейдің Қиыр Шығысқа энергетикалық ресурстарды жеткізу эксклюзивті серіктес ретінде Қытайды қаламауы анық болады. Яғни, жалғыз монополист тұтынушы қаупіне географиялық тәртіп қаупі қосылады.

Алайда Қытаймен стратегиялық серіктестік қатынасын реттей отырып, Ресей, ең алдымен, серіктесінің мүддесін құрметтеп, өз мүддесін басшылыққа алуы тиіс. Сондықтан алдыға нарықтың перспективасына байланысты Қытайға мұнай экспорттау емес, ел бірлігін күшейту шығады. Осы орайда біртұтас энергетикалық жүйе құру, қазіргі таңда бар тасымалдау жүйесіне жаңа кен орындарын қосу экспорттық бағыттарды таңдауда орамдылық мүмкіндігін беретіндіктен маңызды болып табылады.

Стратегиялық серіктестік жөнінде айтқанда, Ресей–Қытай қарым-қатынасы саяси және әскери серіктестік деңгейіндегі өзінің жоғары дәрежелі қарқындылығына сәйкес экономикалық саладағы тексерісі жүзеге асып жатыр деуге болады. Дәл мұнай-газ саласы Ресей–Қытай стратегиялық серіктестігін тексеру орны болмақ. Қазіргі таңда бар тенденцияларды сақтай отырып, елдер арасындағы мұнай-газ саласындағы қарым-қатынастың, ең алдымен, Орталық Азияда өрістеп отырған стратегиялық бақталастыққа деген ұқсастығы арта түседі. Белгілі бір дәрежеде Қытайға тармақталған мұнай құбыры құрылысына байланысты мәселені созу ҚХР-дың Орталық Азияда белсенді саясат жүргізуіне итермелейді. Өзірге Қытай жергілікті қалаулы топтың Ресейдің ықпалын әлсіретуге деген ниетін пайдалана және көмірсулар экспортының альтернативті бағытын ұсына отырып, өзін табысты ойыншы ретінде көрсетіп отыр. 2007 жылы жазда қабылданған келісім нәтижесі көрсеткендей,

Қытай жаңа әдістер тауып, келіссөздер жүргізе алады. Ал ресейлік бастамалар әзірге декларациялар деңгейінен алысқа бармай отыр. Ресей аймақтағы ресурстарды дербес түрде бақылай алмай отырғандығы белгілі. Сондықтан да маңызды ойыншылармен бірге баланс іздестіру саясатын жүзгізудің мәні бар. Демек, Ресей басшылығы үшін Қытаймен өзара ынтымақтастық АҚШ-пен өзара әрекеттестікке қарағанда пайдалырақ. Алайда Ресей мен Қытай экономикалық саладағы мүдделерін қиыстыру механизмін табулары тиіс және стратегиялық серіктестік тек декларациялар деңгейінде ғана жүзеге асырылып жатпағандығын дәлелдеулері қажет. Ресей мен Қытай арасындағы энергетикалық саладағы ынтымақтастық өзара перспективті бола отырып, бақталастық ынтымақтастық сипатқа ие.

1. Анненков В.И., Лахтовский Н.М. Энергетическая безопасность в условиях глобализации // Обозреватель. – 2010. – №1. – С.37.

2. *China Energy Data, Statistics and Analysis – Oil, Gas, Electricity, Coal. The US Department of Energy statistics, Energy Information Administration.* <http://www.eia.doe.gov/cabs/China/Full.html>

3. Гончаренко А.В. Мировая энергетика: взгляд на десять лет вперед // Россия в Глобальной Политике. 2006. Ноябрь–Декабрь. №6. <http://www.globalaffairs.ru/numbers/23/6687.html>

4. Oil Market Report. International Energy Agency. – 2007. – December 14. <http://omrpublic.iea.org/omrarchive/14dec07full.pdf>

5. World Energy Outlook 2004. International Energy Agency. – P. 263.

6. Павлов Владимир. Китай ищет нефть. 2007. – 5 марта. <http://www.rbcdaily.ru/2007/03/05/world/267380>

7. World Energy Outlook 2004. International Energy Agency. – P. 266.

8. Китайское правительство реализует план создания баз стратегических запасов нефти в стране. Синьхуа. 2007, 29 января. http://www.russian.xinhuanet.com/russian/2007-01/29/content_381626.htm

9. World Energy Outlook 2004. International Energy Agency. – P. 267.

10. Железнодорожные перевозки считаются экономически неэффективными. Транснефть заявляла, что тариф на прокачку 1 т нефти по строящемуся нефтепроводу Восточная Сибирь – Тихий океан до Сковородино составит 38,8 долл. См.: Дербилова Екатерина. Дорогая энергия Транснефти // Ведомости. – 2006. 21 августа. А по данным ведущего научного сотрудника Центра энергетических исследований ИМЭМО РАН Игоря Томберга стоимость аналогичных перевозок железнодорожными цистернами составляет от 42 до 66 долл. в зависимости от маршрута. См. подробнее: Томберг Игорь. Между трубой и рельсами. Фонд Стратегической Культуры. – 2006. 13 ноября. <http://www.fondsk.ru/article.php?id=395>

11. Увеличился товарооборот России и Китая. Независимая Газета. 2008, 18 января.

12. Интервью министра экономического развития и торговли РФ Г.О. Грефа. Жэньминь Жибао ОнЛайн. 2006, 11 сентября. <http://ru2.mofcom.gov.cn/aarticle/chinanews/200611/20061103677679.html>

13. Премьер-министр России называет проект строительства нефтепровода Ангарск – Дацин тактическим, а проект Ангарск – Находка стратегическим. 2003, 17 декабря. http://russian.people.com.cn/200312/17/rus20031217_85634.html

14. Подписан протокол о строительстве ответвления ВСТО на Китай. Экспертный портал Восточный Нефтепровод. 2007, 19 июля. <http://www.vstoneft.ru/news.php?number=444>

15. Поливанов А. Труба-трубища // www.lenta.ru. – 29.12.2009 г.

16. В Приамурье началось строительство участка трубопровода ВСТО-2 // ИА REGNUM. – 19.02. 2010 г.

17. «Транснефть» может построить ВСТО-2 к концу 2013 года // РИА Новости. – 09.03. 2010 г.

18. Соглашение о поставках Роснефтью в Китай нефти пока не подписано // РИА Новости. 2007, 27 марта. <http://rian.ru/economy/company/20070327/62685815.html>

19. Томберг Игорь. Между трубой и рельсами. Фонд Стратегической Культуры. 2006, 13 ноября. <http://www.fondsk.ru/article.php?id=395>

20. Подобедова Людмила. Китай лишают российской нефти // РБК Daily. – 2007. – 15 ноября. <http://www.rbcdaily.ru/2007/11/15/tek/303065>

В данной статье рассмотрены перспективы и проблемы энергетического сотрудничества России и Китая.

* * *

This article examines the prospects and problems of energy cooperation between Russia and China.

Б. М. Балаубаева, А. Н. Кульмагамбетова

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ЯДРОЛЫҚ ҚАРУДЫ ТАРАТПАУ РЕЖИМІ

Қазір қалыптасып отырған ядролық қаруды таратпау режимі жарты ғасыр бұрын қалыптаса бастады. Ядролық қарудың верикалды таралу үрдісі

АҚШ-тың 1945 жылы бірінші ядролық қару жасауымен байланысты. 1949 жылы КСРО өз ядролық қаруын жасап шығарумен осы салада АҚШ моно-